«ҰЛЫ ДАЛА ӘСКЕРІ – ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ!»

«Шығыс» өңірлік қолбасшылығының штабында жаңа оқу жылының басталуына орай салтанатты сап түзеу рәсімі өтті.

Салтанатты жиын барысында «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының генерал-майор Асан Жүсіпов сөз алып, барлық санаттағы әскердің өткен жылғы жетістіктеріне тоқталып, жаңа оқу жылына қойылған міндеттермен таныстырды. Келесі кезекте сөз алған «Шығыс» өңірлік қолбасшылығының бірінші орынбасары – штаб бастығы генерал-майор Қуанышбек Үштаев жоғары жауынгерлік дайындық пен әскери дайындықты, әскерлердің моралдық-психологиялық жай-күйін баяндады.

– Біздің басты міндет – Отанға адал қызмет ету. Өңірлік қолбасшылықтың әскери қызметшілері Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығында «Ұлы дала әскері – Тәуелсіздік тірегі!» ұранымен еліміздің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты барлық іс-шараларға қатысты. Осылайша жауынгерлік әзірлігі мен әскери даярлықты шыңдады. Әскери бөлім жаңа оқу жылына да толық дайын, – деді генерал-майор Қуанышбек Үштаев.

Салтанатты шарадан кейін мемлекеттік-құқықтық дайындық сабақтары өткізілді.

Жаңа 2022 оқу жылының қарсаңында әскери қызметшілерге салтанатты түрде қару-жарақ пен әскери техника тапсырылып, қауіпсіздік шаралары бойынша кешенді сабақтар да өткізілді. Қауіпсіздік ережелеріне арналған сабақтарға барлық әскери қызметшілер қатысты. Арнайы 14 оқу орны өзірленген шарада жеке құрамға қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Генерал-майор Қуанышбек Үштаевтың айтуынша, аталмыш дәстүрлердің жаңа оқу жылы қарсаңындағы маңызы зор, сондай-ақ барлық әскери техникалар қысқы пайдалану жағдайына көптіріліп, құжаттама және оқу-материалдық база өзір.

Қарулы Күштердің алдағы 2022 оқу жылы жауынгерлік даярлық «Қарулы Күштердің 30 жылдығына – біздің ерен еңбегіміз» ұранымен өтеді.

"Шығыс" өңірлік қолбасшылығы баспасөз қызметі

САПАЛЫ БІЛІМ – БІЛІКТІ МАМАН

Сапалы білім – білікті маман. Ал заман талабына сай білікті маман даярлау – геодезия және картография жоғары колледжінің басты мақсаты. 75 жылдық тарихы бар оқу ордамыздан талай білімді, өз мамандығын жетік меңгерген жастар түлеп ұшты. Қай салада еңбек етсе Ол аты тек Қазақстанға емес, шет елдерге де танылған компанияның - «GEOID» ЖШС-нің негізін қалады.

«GEOID» ЖШС - Қазақстан нарығында 9 жылдан астам уақыт инженерлік-геодезистік ізденістер мен жұмыстар саласында қызмет көрсетіп келе жатқан геодезиялық компаниялардың бірі де бірегейі. Бүгінде компания заманауи, озық технологияларды қолдана отырып, инженерлік ізденістер мен жобалаумен, сондай-ақ, ірі мемлекеттік мекемелер мен ірі компаниялар тапсырысы бойынша кешенді геодезиялық жұмыстарды орынд